

Қазақстан Республикасында ынталы кеншілер артельдерінің қызметін жақсарту шаралары және асыл металдарды, асыл тастарды және басқа минералды шикізатты ынталы түрде өндіру мен қайта өңдеуді дамыту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 шілде 1992 ж. N 628. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Асыл металдарды, асыл тастарды және басқа минералды шикізатты ынталы түрде өндіру мен қайта өңдеуді дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Ынталы кеншілер артельдерінің Қазақстан Республикасы Ынталы кеншілер артельдерінің Одағын құру туралы инициативасына қолдау көрсетілсін. Ынталы әдіспен алтын өндіруді молайту жөнінде "Қазалтын" өндірістік бірлестігі 1992-2000 жылдарға арнап жасаған бағдарлама (қоса беріліп отыр) мақұлдансын.

2 . М ы н а д а й т ә р т і п :

а) ынталы кеншілер артельдері мемлекеттік кен өндіруші кәсіпорындармен шарт жасасу негізінде құрылатын және олар асыл металдарды, асыл тастарды (қайталама ресурстарды, металл сынықтары мен қалдықтарын жинау мен қайта өңдеуді қоса) және басқа минералды шикізатты, қоспа және саф алтынды өндіруге және қайта өңдеуге байланысты өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен берілетін рұқсаттың (лицензияның) негізінде жүзеге асыратын;

б) мемлекеттік кен өндіруші кәсіпорындар:

ынталы кеншілер артельдері тапсырған кендегі, концентраттағы, байыту фабрикаларының ұнтақтарындағы, металл сынықтары мен қалдықтарындағы асыл металдар, асыл тастар, қоспа және саф алтын және тағы басқа минералды шикізат үшін есеп айырысу бағасы бойынша ақы төлейтін;

өндірілген және Қазақстан Республикасының Мемқазынасына сақтауға берілген кеннен, концентраттардан, қалдықтардан алынған асыл металдарды, ұнтақтағы алтынды, сондай-ақ саф алтынды өткізуден келген валюталық түсімді өндірушілер арасында (алтын шығарудың жалпы көлеміндегі олардың үлесі е с к е р і л і п) б ө л е т і н ;

в) ынталы кеншілер артельдері мүшелерінің тілегі бойынша жеке қызметіне ақы төлеу жоғары сұранымды тауарлар сатып алу үшін есеп айырысатын бәсіре кітапшалар түрінде жүзеге асырылатын болып белгіленсін. "Қазалтын" өндірістік бірлестігіне есеп айырысатын бәсіре кітапшалар туралы ережені әзірлеу

т а п с ы р ы л с ы н ;

г) ынталы кеншілер артельдерін материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету өздерінің жанынан осындай артельдер құрған немесе олармен шарттық қарым-қатынастары бар мемлекеттік кен өндіруші кәсіпорындар белгілеген нормаларға сәйкес жүзеге асырылатын болып белгіленсін.

3. Дара ынталы кеншілерге тиісті өкілеттігі бар мемлекет органдары берген лицензиялар бойынша асыл металдар өндіру жөнінен дербес жұмыс істеуге р ұ қ с а т е т і л с і н .

Кен өндіруші кәсіпорындар мен бірлестіктер оларға соммен немесе бәсіре есеп айырысу кітапшаларымен ақы төлеп, олардан асыл металдар қабылдап а л у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі кен қорларын С2 және Р1 санаттары бойынша анықтау, іздестіру-бағалау жұмыстарының кезегі аяқталғаннан кейін асыл металдар мен басқа да минералдық шикізат өндірілетін ұсақ кен орындарын заңда белгіленген тәртіпке сәйкес ынталы кеншілер артельдеріне беретін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ескірген және қаруланудан алынған техника мен жабдықтарды, сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстарды белгіленген тәртіппен ынталы кеншілер артельдеріне өткізуге р ұ қ с а т е т і л с і н .

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі "Қазалтын" өндірістік бірлестігімен бірге ынталы кеншілер артельдері өндірген асыл металдар мен асыл тастардың сақталуын қамтамасыз ету мәселесін шешсін.

7. Жергілікті әкімдер Қазақстан Республикасының Ынталы кеншілер артельдері Одағының өтініші бойынша осындай артельдерде кем дегенде 5 жыл жұмыс істеген қызметкерлерге, олардың тұрақты тұратын мекендеріне қарамастан, жеке тұрғын үй құрылысы үшін басымдық беру тәртібінде учаскелер бөлетін болсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р К а б и н е т і н і ң

1 9 9 2 ж ы л ғ ы 2 3 ш і л д е д е г і

№ 6 2 8 қ а у л ы с ы н а

Қ о с ы м ш а

(Кесте)

